

ӘОЖ 615.2:616.24-002

Д.Қ. Фазылова^{1*}, С.М. Иманкулова¹, Р.Е. Ботабаева², Б. Тойшиева², А.К. Керимкул²

¹Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

¹Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

²PhD, доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

²Оқытушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

²студент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы жанындағы медицина колледжі, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: dina.fazylova@bk.ru

ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫ АУРУЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФИТОПРЕПАРАТТАР НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

Түйін

Тыныс алу жүйесі ауруларының кең таралуы, әсіресе балаларда, оларды емдеу және алдын-алу үшін шөптен жасалған дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, дәрі-дәрмектердің кең тізімін қолдануды қамтиды. Өсімдік негізіндегі диеталық қоспалар, мамандандырылған тамақ өнімдерінің мәртебесіне қарамастан, көбінесе мақсатты аудиториялар шөптік препараттардың аналогтары ретінде қарастырылады, бұл оларды фитопрепараттар нарығын зерттеу кезінде ескеруді қажет етеді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығындағы тыныс алу жолдары ауруларын емдеу кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдардың нарығына талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы дәрілік құралдар және медициналық бұйымдардың мемлекеттік реестріне тіркелген өсімдіктекті дәрілік құралдардың саны, оларды импорттаушы елдер мен Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өндірісінде шығарылған дәрілік құралдардың саны мен үлестері анықталды. Сонымен бірге, дәрілік құралдардың биологиялық жетімділігіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі – дәрілік түрлердің үлесі анықталды. Шымкент қаласындағы дәріханалық ұйымдардың ғаламтор дүкендеріндегі тыныс алу жолдары ауруларын емдеу үшін қолданылатын дәрілік құралдарының баға сегменті бойынша орташа бағаларына маркетингтік талдау жүргізілді.

Кілттік сөздер: фитопрепараттар, фармацевтикалық нарық, нарықтық талдау, отандық өнім, импорттаушы елдер, маркетингтік талдау, Мукалтин.

Кіріспе. Тыныс алу жолдарының ауруларына тұмаудан басқа бронхит, өкпенің қабынуы, тыныс демікпесі, сондай-ақ созылмалы обструктивті бронхит, туберкулез және т.б. жатады. Аталған ауруларды емдеуде синтетикалық дәрілік құралдарды қолдану тиімділігімен қатар фитопрепараттарды қолдану тиімділігі де жоғары көрсеткіш көрсетуде [1].

Фитопрепараттар заманауи қоғамда өте өзекті және кең таралған. Фармацевтикалық нарықта бронх-өкпе ауруларын емдеуде қолданылатын фитопрепараттар үлкен сұранысқа ие. Синтетикалық аналогтарының көптігіне қарамастан, өсімдік тектес препараттар халық арасында сұранысты жоғалтпайды.

Фитопрепараттар – бұл дәрілік өсімдік шикізаттарынан алынған белсенді заттар негізінде дайындалған дәрілік препараттар. Олар дәрілік өсімдіктердің экстрактыларынан, сығындыларынан немесе ұнтақтарынан алынады. Фитопрепараттар көп жағдайда адам организміне жұмсақ әсер етеді және түрлі аурулардың алдын алуда және емдеуде, иммунитетті көтеруде, жалпы денсаулықты қолдауда пайдаланылады. Фитопрепараттарға кептірілген дәрілік өсімдік шикізатынан жасалған фито-шайлар, тұнбалар, қайнатпалар, экстрактылар, сондай-ақ арнайы түрде дайындалған таблеткалар мен капсулалар жатады. Оларды халық медицинасында, сондай-ақ ресми медицинада да қолдануға болады [2].

Тыныс алу жолдарының ауруларында қолданылатын фитопрепараттарға суық тию, бронхит, демікпе, тұмау, сондай-ақ созылмалы обструктивті бронхит сияқты созылмалы тыныс

алу жолдарының ауруларын емдеуге және алдын алуға арналған құралдар жатады. Бұл сегмент дәрілік өсімдік шикізаттары негізіндегі дәстүрлі препараттарды (мысалы, дәрілік жалбызтікен, кәдімгі өгейшөп, эхинацея, мия негізінде және т.б.) және өсімдік компоненттері бар заманауи құрамдастырылған құралдарды қамтиды [3,4,5].

Материалдар мен әдістер . Зерттеу барысында салыстырмалы талдау және статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеу нысандары ретінде тыныс алу жолдары ауруларын емдеу және алдын алуда қолданылатын ҚР ДЗ мемлекеттік тізіліміне тіркелген фитопрепараттар алынды. IMS Health ақпараттық-сараптамалық компаниясы дереккөздері мәліметтерінде еліміздің фармацевтикалық нарығында АТХ (анатомия-терапевтік-химиялық) код бойынша тыныс алу жолдары ауруларын емдеуге арналған 147 атаулы өсімдіктекті дәрілік құралдар тіркелген. Оларды өндіруші және импорттаушы елдердің үлесі анықталды.


Нәтижелер және талқылау.

1 кесте – Тыныс алу жолдары ауруларында қолданылатын дәрілік құралдарды Қазақстан Республикасына импорттаушы елдер және олардың дәрілік құралдарының үлесі (%)

№	Өндіруші мемлекеттер	Дәрілік құралдар саны	
		атау саны, бірлікпен	меншікті көлемі, %
1.	Германия	35	23,8
2.	Үндістан	29	19,7
3.	Қазақстан	24	16,3
4.	Пәкістан	20	13,6
5.	АҚШ	11	7,5
6.	Франция	7	4,8
7.	Словения	5	3,4
8.	Украина	4	2,7
9.	Израиль	3	2,0
10.	Австрия	3	2,0
11.	Болгария	2	1,4
12.	Ресей	2	1,4
13.	Белорусия	1	0,7
14.	Ұлыбритания	1	0,7
	Барлығы	147	100,0

1 кестедегі мәліметтер бойынша, тыныс алу жолдары ауруларында қолданылатын фитопрепараттар нарығында 14 өндіруші елдердің тауарлары берілген. Осы топтағы фитопрепараттар өндірісі бойынша: Германия және Үндістан көш бастап тұр. Ал отандық өндіріс 24 фитопрепаратпен 16,3% үлесті құрап, алғашқы үштіктің соңында тұр. Ал Пәкістан 20 атау (13,6%), АҚШ 11 атау (7,5%), Франция 7 (4,8%), Словения 5 атау (3,4%), Украина 4 атау (2,7%), Израиль 3 атау (2,0%), Австрия 3 атау (2,0%), Болгария 2 атау (1,4%), Ресей 2 атау (1,4%), Белорусия 1 атау (0,7%) атау және Ұлыбритания 1 атаумен (0,7%) Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығына үлестерін қосып отыр.

Қазақстан Республикасы дәрілік құралдар және медициналық бұйымдардың мемлекеттік реестрінде тіркелген өсімдіктекті дәрілік құралдардың 147 атауы тыныс алу жолдары ауруларында қолданылады. Бұл препараттардың қандай дәрілік түр ретінде шығарылатындығы да маңызды, өйткені әр дәрілік түрдің биологиялық жетімділігі әртүрлі [6,7]. Сондықтан талдау дәрілік құралдардың дәрілік түрлеріне жүргізілді.



1 сурет – Тыныс алу жолдары ауруларында қолданылатын фитопрепараттардың дәрілік түр бойынша шығарылуы

1 суретте көрсетілген мәліметтер тыныс алу жолдары ауруларында дәрілік құралдардың номенклатура бойынша ең жоғары үлес – шырындарға 45,5% тиесілі, одан кейін таблеткаларға 15,5%, пастилкалар – 14,5%, тамшылар – 8,2%, ұнтақтар - 5,5%, ингаляцияға арналған жағар майлар – 4,5%, гранулалар – 2,7%, фито-шайлар – 1,8%, капсулалар – 0,9%, эликсирлер – 0,9% екендігі анықталды.

Баға сегментінде зерттеу жүргізу үшін тыныс алу жолдары ауруларында ең жиі қолданылатын отандық өнім мен импорттық препараттардың ғаламтор дүкендеріндегі (Kaspi.kz және NalykMarket) орташа бағаларына маркетингтік талдау жүргізілді.

2 кесте – Шымкент қаласы бойынша тыныс алу жолдары ауруларын емдеу және алдын алуда қолданылатын фитопрепараттардың фармацевтикалық нарықтағы орташа бағамы

№	Фитопрепараттардың атауы (өндіруші, елі)	Дәрілік түрі	Орташа бағасы, тң
5.	Мукалтин, 50 мг, N10 (Santo, Қазақстан)	Таблетка	255
6.	Бронхикум С, 100 мг, N10 (Sanofi. Польша)	Таблетка	1650
7.	Бронхипрет, N20 (Bionorica, Германия)	Таблетка	2200
8.	Проспан, 65 мг, N10 (Engelhard, Германия)	Таблетка	1765
Орташа бағасы:			1470
1.	Мукалтин, 2,5 мг, 100 мл (Santo, Қазақстан)	Шырын	1099
2.	Бронхипрет, 15мг/мл (Bionorica, Германия)	Шырын	2200
3.	Бронхикум С, 100 мл (Sanofi. Польша)	Шырын	2800
4.	Бронхипрет, 15 мг/мл, 50 мл (Bionorica,	Шырын	2180

Германия)		
Орташа бағасы:		2070

Баға сегментіндегі зерттеу нәтижесінде қатты дәрілік түр (таблетка) бойынша жоғары баға деңгейіндегі орында Германия, төменгі баға деңгейіндегі орында Қазақстан, ал сұйық дәрілік түр (шырын) бойынша жоғары баға деңгейіндегі орында Германия, төменгі баға деңгейіндегі орында Пәкістан мен Қазақстан елдерінде өндірілетін тыныс алу ауруларын емдеу және алдын алуда қолданылатын дәрілік фитопрепараттар болды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде орташа бағаны таблетка бойынша 1470 теңге, ал сұйық дәрілік түр (шырын) бойынша 1446 тң шамасында екендігін көрсетті. Сонымен бірге, тыныс алу жолдары аурулары кезінде қолданылатын дәрілік фитопрепараттарды маркетингтік талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының фармацевтік нарығында 147 атаулары, олардың басым бөлігі шырын түрінде келетіндігі, фитопрепараттардың орташа бағамы шамамен 2070 теңгені құрайтындығы анықталды.

Қорытынды

Тыныс алу жолдары ауруларын емдеуде қолданылатын фитопрепараттарды нарықтық шолу нәтижесінде Қазақстан Республикасы фармацевтік нарығында 147 атаулары, олардың басым бөлігі сұйық дәрілік түрде, яғни шырын түрінде болатындығы, олардың орташа бағасы шамамен $1446 \pm 173,52$ аралығында болғандығы анықталды. Сонымен бірге, тыныс алу жолдары ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын фитопрепараттар өндірісінің көш басында отандық өндіріс орны «Santo» АҚ тұрғандығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Княжеская Н.П., Бобков Е.В. Фитопрепараты в терапии респираторных заболеваний. Медицинский совет. 2019;(15):70-76. doi: 10.21518/2079-701X-2019-15-70-76.
2. Решетников В.Н. Производство фитопрепаратов – важная задача науки и производства. – Труды БГУ, 2010. – Т. 5. Ч. 2.
3. Фитотерапия с основами клинической фармакологии / Под ред. В.Г. Кукеса. – М.: Медицина, 1999. – 192 с.
4. Селимзянов Л.Р., Вишнева Е.А., Федосеев М.В., Промышлова Е.А. Фитотерапия: современное состояние вопроса // Педиатрическая фармакология. – 2016; 13 (5):488-493. doi: 10.15690/pf.v13i5.1645.
5. Справочник Видаль Лекарственные препараты в Казахстане: Справочник. М.: АстраФармСервис, 2004 г. 800с.
6. Чуешов В. И., Гладух Е. В. и др. Технология лекарств промышленного производства. Том 1: Пidrучник для фарм. ф-тiв ВМНЗ IV р.а.. – Нова Книга. – 698 с.
7. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы: оқулық - Шымкент, 2008. – 348 бет.

References

1. Knjazheskaja N.P., Bobkov E.V. Fitopreparaty v terapii respiratornyh zabolevanij. Medicinskij sovet. 2019;(15):70-76. doi: 10.21518/2079-701X-2019-15-70-76.
2. Reshetnikov V.N. Proizvodstvo fitopreparatov – vazhnaja zadacha nauki i proizvodstva. – Trudy BGU, 2010. – T. 5. Ch. 2.
3. Fitoterapija s osnovami klinicheskoj farmakologii / Pod red. V.G. Kukes. – M.: Medicina, 1999. – 192 s.

4. Selimzjanov L.R., Vishneva E.A., Fedoseenkr M.V., Promyslova E.A. Fitoterapija: sovremennoe sostojanie voprosa // Pediatricheskaja farmakologija. – 2016; 13 (5):488-493. doi: 10.15690/pf.v13i5.1645.
5. Spravochnik Vidal' Lekarstvennye preparaty v Kazahstane: Spravochnik. M.: AstraFarmServis, 2004 g. 800s.
6. Chueshov V. I., Gladuh E. V. i dr. Tehnologija lekarstv promyshlennogo proizvodstva. Tom 1: Pidruchnik dlja farm. f-tiv VMNZ IV r.a.. – Nova Kniga. – 698 s.
7. Saғындықова В.А. Dәrilerдің өндірістік технологиясы: оқулық - Shymkent, 2008. – 348 бет.

Д.К. Фазылова^{1*}, С.М. Иманкулова¹, Р.Е. Ботабаева², Б. Тойшиева², А.К. Керимкул²

¹магистрант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹магистрант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²PhD, доцент, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

²преподаватель, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

²студент, Медицинский колледж при Южно-Казахстанской медицинской академии, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: dina.fazylova@bk.ru

АНАЛИЗ РЫНКА ФИТОПРЕПАРАТОВ, ПРИМЕНЯЕМЫХ ПРИ ЗАБОЛЕВАНИЯХ ДЫХАТЕЛЬНЫХ ПУТЕЙ

Аннотация

Широкое распространение заболеваний дыхательной системы, особенно у детей, включает использование широкого списка лекарств, включая лекарственные травы, для их лечения и профилактики. Пищевые добавки на растительной основе, независимо от статуса специализированных пищевых продуктов, часто рассматриваются целевой аудиторией как аналоги лекарственных трав, что требует их учета при изучении рынка фитопрепаратов. В данной статье проведен анализ рынка растительных лекарственных средств, применяемых при лечении заболеваний дыхательных путей на фармацевтическом рынке Республики Казахстан. Выявлено количество лекарственных средств растительного происхождения, зарегистрированных в государственном реестре лекарственных средств и медицинских изделий Республики Казахстан, количество и доли лекарственных средств, произведенных в фармацевтическом производстве стран-их импортеров и Республики Казахстан. Вместе с тем, выявлен один из факторов, непосредственно влияющих на биологическую доступность лекарственных средств – доля лекарственных видов. Проведен маркетинговый анализ средних цен по ценовому сегменту лекарственных средств, применяемых для лечения заболеваний дыхательных путей в интернет-магазинах аптечных организаций города Шымкент.

Ключевые слова: фитопрепараты, фармацевтический рынок, анализ рынка, отечественный продукт, страны-импортеры, маркетинговый анализ, Мукалтин.

D.K. Fazylova^{1*}, S.M. Imankulova¹, R.E. Botabaeva², B. Toishieva², A.K. Kerimkul²

¹Master's student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

¹Master's student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

²PhD, Associate Professor, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

²Lecturer, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

²Student, Medical College under the South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

*Corresponding author's email: dina.fazylova@bk.ru

ANALYSIS OF THE MARKET OF PHYTOPREPARATIONS USED IN RESPIRATORY TRACT DISEASES

Abstract

The widespread spread of diseases of the respiratory system, especially in children, involves the use of an extensive list of medications, including herbal medicines, for their treatment and Prevention. Plant-based dietary supplements, regardless of the status of specialized food products, are often considered by target audiences as analogues of herbal preparations, which makes them necessary to take into account when studying the market for phytopreparations. This article analyzes the market of herbal medicines used in the treatment of respiratory diseases in the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan. The number of plant medicines registered in the State Register of medicines and medical devices of the Republic of Kazakhstan, the number and shares of medicines produced in the pharmaceutical production of their importing countries and the Republic of Kazakhstan were determined. At the same time, one of the factors that directly affect the biological availability of Medicinal Products was identified – the proportion of medicinal species. A marketing analysis of the average prices for medicines used for the treatment of respiratory diseases in online stores of pharmacy organizations in Shymkent by price segment was carried out.

Keywords: phytopreparations, pharmaceutical market, market analysis, domestic product, importing countries, marketing analysis, Mukaltin.